

Ғибрат БАЙСЕЙІТОВ, Қызылорда қалалық мәслихат депутаты:

ДЕПУТАТ РЕТІНДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАҒА ЕРЕКШЕ НАЗАР АУДАРАМЫН



Қалада атқарылып жатқан жұмыс көп. Халықтың көз алдында жүзеге асқан көп жобаның бастамасын көтеріп, қоғамдық талқыға салып, құзырлы орындарға жеткізіп, халықтың мүддесін қорғайтын – халық қалаулылары. Депуттардың араласуымен көп мәселенің түйіні шешіледі. Қалалық мәслихат депутаты Ғибрат Байсейітовпен мемлекеттік бағдарламаның орындалу барысы, атқарған жұмысы, қоғамдағы өзге де түйткілді мәселелер төңірегінде сұхбаттастық.

– Ғибрат Мұратұлы, халық қалаулысы болудың жауапкершілігі жоғары екенін білеміз. Десе де елмен етене жүріп атқарылған жұмыстарға тоқтасаңыз...

– Дұрыс айтсаңыз, ел сенімін арқалау, халық қалаулысы болу – үлкен жауапкершілік пен сенім. Сайлауды бағдарламаны барынша орындауға тырысамыз. Басты мақсатым – халықтың үмітін ақтап, олардың өмір сапасын жақсартуға үлес қосу. Өз тарапынан әлеуметтік жобаға ерекше назар аударамын. Мысалы, жастарға арналған бағдарлама мүмкіндігі шектеулі жандардың әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Мемлекеттің беріп отырған қайтарымыз қаржысы арқылы қашама көпбалалы отбасы, ерекше бала өсіріп отырған ата-аналар, мүгедектер кәсібін ашуда. Қаламызда әлеуметтік нысандар салу, мектептер мен ауруханаларды жаңғырту бойынша маңызды қадам жасалауда. Халықпен тұрақты кездесу өткізіп, олардың ұсынысын тыңдай отырып, көптеген мәселені құзырлы орындарға жеткізіп, шешіп келеміз. Бұл біздің қызметімізді тиімді және нәтижелі етеді. Мәселен, мен қаланың Шанхай бөлігіндегі тұрғындардың өзекті мәселесін талдап, құзырлы орына жеткіземін. Шет аймақтағы №222, 253 мектептердің де күрделі жөндеуіне атсалысып, басы-қасында болып, жөндеудің сапалы жүруін қадағаладым. Мектеп қауіпсіздігі, асханалардың жай-күйі, басқа да өзекті мәселелерді назардан тыс қалдырмаймын. Өзім сайланған №4 сайлау округіне қарасты С.Торайғыров, Дүйсенов, Кенесары, Қызылорда, Жанқожа бағыр, Сайынназар ахун тұйығы көшелеріне орташа жөндеу жүргізілуіне ықпал еттім.

Жалғасы 3-бетте



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Аялаймын сені, Қызылорда!

28 қаңтар
сейсенбі

№7 (2120)

2025 жыл

апталығы

Салық шегерімін ҚАЛАЙ ҚОЛДАНАМЫЗ?



Жыл басында салық кодексіне енгізілген өзгеріс көпбалалы аналарды қуантты. Атап айтсақ, 2025 жылдан бастап Қазақстанда көпбалалы отбасылардың табысын салықтан босатуға мүмкіндік беретін жаңа салық жеңілдіктері күшіне енді. Енді 4 немесе одан да көп балалы отбасылар жылына 100 мыңнан аса ақшасын жеке салықтан үнемдеп қала алады. Бұл қадам – еліміздегі әлеуметтік саясаттың маңызды бөлігі. Сонымен қатар қоғамдағы әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға бағытталған.

Сарапшылардың пікірінше, салық кодексіндегі бұл жаңашылдық көпбалалы отбасылар үшін тиімді болмақ. Сондықтан барлық құжаттарды дұрыс рәсімдеп, қажетті өтімдерді уақытында беру қажет. Бұл жағдайда отбасылар салық шығындарын азайтып, өздеріне қажетті қаржылық ресурстарды тиімді пайдалана алады. Салықтық шегерім дегеніміз – жеке тұлғаның табысынан есептеліп, салық мөлшерін азайтуға мүмкіндік беретін заңды жеңілдік. Басқаша айтқанда, белгілі бір шарттар орындалғанда, сіздің жаалақыңыздан ұсталып қалатын салық сомасы кемиді. Ешкім ешқандай ақшаны қолға бермейді. Яғни үкіметтің белгілі бір санатқа жататын азаматтарға көрсетіп отырған жеңілдігі.

2025 жылғы өзгертілген салық шегерімдері жөнінде сарапшы Балжан Бақытқалиқызы «Egemen Qazaqstan» газетінде кеңінен түсіндіріп айтады. – Салық шегерімі қалай есептеледі? Талдап көрейік. Сіз бір жерде жұмыс істейсіз. Ай сайын жалақы аласыз. Сол ақшадан айына міндетті түрде 10% зейнетақы аударымына, 2% медициналық сақтандыруға, тағы 10% жеке табыс салығы ұсталады. Бұл қалыпты жағдайда. Енді салықтық шегерім осы жерде өз қызметін атқарады. Мысалы, сіз 200 мың теңге айлық аласыз делік. Содан жоғарыда айтқан пайызға сүйенсек, 20 мың теңге зейнетақыға, 4 мың теңге медициналық сақтандыруға кетеді. 176 мың теңге қалды. Осы тұста санатыңызға байланысты

салықтық шегерім жасалады. Мәселен, салықтық шегерімді 23 АЕК деп алайық. Ол – көпбалалы отбасы санаты. Бір АЕК 3932 екенін ескерсек, 90436 теңге салықтық шегерім жасалады. 176 000-нан 90436-ны азайтсақ, 85564 қалады. Енді 10% жеке табыс салығы сіздің 176 мың теңгеніңден емес, 85 мың теңгеден алынады. Ол – 8556 теңге. Демек, нақты қолыңызға алатын айлығыңыз арта түседі (200 000 - 20 000 - 4 000 - 8556 = 167 444). Ал салықтық шегерім жасалмаған кезде 158 мың аласыз. Шегерім жасалса, 168 мың теңгеге жуық айлық аласыз, – дейді сарапшы Балжан Бақытқалиқызы.

Жалғасы 2-бетте



ҚОҒАМ МӘСЕЛЕСІ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Отбасы құндылықтарын насихаттау – бүгінгі басты мәселесі. Қоғам болып, көтерген тақырыпты тіпті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі қолға алып, қатаң тапсырма берген еді. «Бас сынса, бөрік ішінде, қол сынса, жең ішінде» деген ұстаным тыс қалып, өмірлік жарын аялай алмайтындарды тәртіпке шақырар заң да күшіне енген. Қала әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия биыл 4 рет отырыс өткізіп, отбасы құндылықтарын насихаттау ісіне нықтан кіріскен. Мұнан бөлек, жастар саясаты, діни мәселесі, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу бағытында да ауқымды шаруа атқарылған. Бұл туралы қалалық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Айдын Қайруллаев БАҚ өкілдеріне берген брифингте айтты.

– Тұрғындардың өзекті мәселелері бойынша тоқсан сайын арнайы карта әзірленіп, соның нәтижесінде жауапты мемлекеттік органдармен бірлесіп, тиісті шаралар қабылданады. Қаладағы діни ахуал да тұрақты. Жергілікті теологтардан өзге республикалық ақпараттық түсіндірме топ мүшелерімен де, атап айтқанда, «Нұр-Мұбарак» университетінің Діни экстремизмге қарсы іс-қимыл орталығының директоры, теология ғылымдарының Phd докторы Сәкен Сайранұлы, республикалық ақпараттық түсіндіру тобының мүшелері Болат Шоманов, Асхат Ерубай қалаға шақырылып, тұрғындармен кездесулер ұйымдастырылды. Халық көп шоғырланатын орындарда облыстық діни мәселелерін зерттеу орталығымен бірлесіп акциялар өткізіліп, тұрғындарға ақпараттық ұнпақтар таратылды. Қала аумағында 3 жерде діни әдебиеттер мен діни мазмұндағы заттарды сату орны белгіленген, – деді Айдын Бөкенбайұлы.

Қала халқының мұн-мұқтажы қашан да тыңдалады. Олардың әрбірін сапалы өмір сүруіне жағдай жасалып келеді. Тұрғындардың әлеуметтік желілерде жариялаған түрлі арыз-шағым, өтініш-тілектеріне талдау күнделікті жүргізіліп келеді. Бұл бағытта «Open Qyzylorda» жобасы арқылы жұмыстар жүргізілуде. Келін түскен әр сауал жауапсыз қалмады.

Өткен жылдың тамыз айындағы көрсеткіш бойынша қала аумағында «NEET» санатындағы жастардың саны 2 480 адамға жеткен. Жастар орталығы мен кент және ауылдық округтер әкімі аппаратының мамандарымен 1583 жасқа араластырылған жастардың жағдайын тексеріп, статусы анықталды. «Ozger Team» ұлттық бастамасы аясында Қызылорда қаласында «Ozger Orda» жобасы жүргізілді. Жобаның негізгі мақсаты уақытша жұмыссыз жастарға жаңа дағдылар беру, мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларға қатысу үлесін арттыру. Қазіргі таңда бағдарламамен 50 жас қамтылды. Ал 5 жас қайтарымсыз грантка не болса, 10-нан астам жас тұрақты жаңдалмалы жұмысқа орналасты. «Мансап» орталығымен бірлесіп «Мүмкіндіктер алаңы», қалаға қарасты кент және ауылдық округтер мен шет аймақтарда 5 рет «Көшпелі кеңес» шаралары өткізілді. Мұның барлығы елдің ертеңі жолында жастардың дұрыс бағытта қалыптасуына ықпал ететін анық, – дейді А.Қайруллаев.

Бөлім тарапынан 2025 жылы аталып өтетін тарихи атаулы даталардың қатарында Қызылорда қаласының астана болғанына және «Қазақ» атауының қайтаруына – 100 жыл, Желінің 80 жылдығы, Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл және Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толуы ерекше маңызға ие. Сондай-ақ, «Жұмысшы мамандықтары» жылы аясында жастарға кәсіби бағдар беру, бос жұмыс орындары жәрмеңкелерін ұйымдастыру, жұмысшы мамандықтарды дәріптеу бойынша бірқатар шаралар атқару да күн тәртібінде тұр.

«Ақмешіт-ақпарат»

ТҰРҒЫН ҮЙ НАРЫҒЫ: БАҒА ҚАЛАЙ ҚҰБЫЛАДЫ?

Ел экономикасы жақсарып, халықтың әл-ауқаты жақсарған сайын тұрғын үй құрылысының қарқыны өсіп, ауқымы да кеңейіп келеді. Баспана нарығына байланысты болжамдар биыл тұрғын үй бағасының қымбаттайтынын айтып отыр. Тұрғын үй құрылысы мен баспана бағасындағы өсім былтырдан бері байқалды. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, соңғы бір жылда (2023 жылдың желтоқсанынан 2024 жылдың желтоқсанына дейін) қайталама нарықтағы пәтерлерді қайта сату бағасы 4,2%-ға, ал жаңа тұрғын үйді сату 3%-ға өсті. Өткен жылы абадтандырылған тұрғын үйді жалға алу ақысы 7,9%-ға өсті.

Өңірлер бойынша бастапқы тұрғын үй нарығындағы бағалар жылдық мәнде Ақтөбеде – 12,8%-ға, Көкшетауда – 10,1%-ға, Таразда – 10%-ға айтарлықтай өскен. Қайталама тұрғын үй нарығында баға өсімі бойынша қосбасшы Атырау (16,9%), Астана (12,9%) және Қонаев қалалары (10,1%) болды. Тұрғын үйді жалдау нарығындағы ең елеулі өсім Талдықорғанда (26,6%), Астанада (25,8%), Шымкентте (18,6%), Оралда (16,8%) және Петропавлда (16,4%) байқалды.

Қараша айымен салыстырғанда 2024 жылғы желтоқсанда абадтандырылған тұрғын үйді жалға беру бағасы 1,1%-ға, пәтерлерді қайта сату 0,9%-ға, жаңа үйді сату 0,2%-ға өсті.

Жылжымайтын мүлік бағасы қымбаттап кеткенмен, баспанаға қол жеткізгендер саны жыл сайын артып келеді. Мәселен, өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің деректері бойынша, 2024 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда рекордтық 18,9 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, 2023 жылмен салыстырғанда 6,4%-ға артық. Саланың нақты көлем индексі бір жылда 113,1%-ды құрады. 2029 жылға қарай 111 млн шаршы метрге жеткізу жөніндегі Президент қойған міндеттерді орындау бойынша жұмыс жүргізілуде.

Мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде азаматтарға жалға берілетін, несиелік баспанамен қамтамасыз етуі, «2-10-20», «5-10-20» және басқа да бағдарламалар іске асырылуда. 2024 жылы «Отбасы банкі» 1,29 трлн теңге сомасында 71 452 несие берген.

Жалғасы 2-бетте



МЕДИАНЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ: ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

АҚПАРАТ ӘЛЕМІН ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТУДЕ?

Жасанды интеллект технологиялары бүгінгі таңда түрлі салаларда кеңінен қолданылуда. Оның ішінде жаңалықтар индустриясын да ерекше орын алады. Соңғы жылдары жаңалықтарды ұсыну тәсілдерін өзгертуде ЖИ негізіндегі аватарлар үлкен рөл атқара бастады. Олар көрермендермен байланысты жақсартып, оқырман аудиториясын кеңейтуге көмектеседі. Әсіресе, жас буын өкілдерін тарту үшін жаңашылдық қажет. Осы бағытта Латын Америкасында жаңалықтар индустриясында үлкен жетістіктер жеткен Grupo Fórmula компаниясының тәжірибесі назар аудартады.

Жалғасы 3-бетте

Басы 1-бетте



ТҰРҒЫН ҮЙ НАРЫҒЫ: БАҒА ҚАЛАЙ ҚҰБЫЛАДЫ?

үйлердің» электронды жабықтарын сатып алу шетел валютасына тәуелді. Жалпы тұрғын үй құрылысына жұмсалатын құрылыс материалдарының 30-40 пайызы ғана отандық өнім. Үйдің қаңқасына арналған металл конструкциялар Ресей мен Қытайдан келеді, өйткені бізде бұл өндірістер жоқ.

Адамдардың мұндай пәтерді 100 пайыздық құнымен сатып алу түгіл ипотекалық бағдарламалардың көмегімен сатып алуға қаражаты жоқ екенін ескеру қажет. Сондықтан әзірлеушілер тарапынан белгілі бір акциялар болуы мүмкін, мысалы, шаршы метрдің құны төмендеуі мүмкін. Мысалы, құрылыс компаниялары 2024 жылдың екінші жартысында мерекелерде жеңілдіктер жасады, олар пәтер бағаларын 20-25 пайызға дейін төмендетті. 2025 жылы да солай болуы мүмкін, – дейді ол.

Ал сарапшы Нұржан Алмас бастапқы тұрғын үй бағасы 2025 жылы 5,8 пайызға дейін өсетінін айтады.

– Барлық экономикалық үрдісті ескерсек, қайталама тұрғын үй бағасы 2025 жылы 6,2 пайызға дейін көтеріледі. Инфляцияның баяулауымен 2026 жылы қайталама тұрғын үй мен жалдау бағасы да төмендейді, – дейді сарапшы.

ЕҢ АРЗАН ҮЙ ҚАЙДА?

Қазақстан бойынша ең арзан үй қайда? Бұл сұрақ бәрімізді қызықтыратыны анық. Сондықтан да осы бойынша зерттеу жасағанды жөн көрдік. Krisha.kz сарапшыларының деректеріне сәйкес, ең арзан жылжымайтын мүлік – Қызылордада. Мәселен, 1 бөлмелі – 7,5 миллион теңге; 2 бөлмелі – 12 миллион теңге; 3 бөлмелі – 16 миллион теңге.

Сондай-ақ тұрғын үй бағасы бойынша ең арзан қалалар тізімін Тараз, Талдықорған, Жезқазған толықтады. Бұл қалаларда бір бөлмелі пәтердің бағасы 9,5-10,5 миллион теңге аралығында болса, екі бөлмелі пәтер 14 миллион тұрады. Ал үш бөлмелі баспананың бағасы 21-23 миллион теңгеге жетеді.

«Доллар өсті дегенше, баға ұшты» десеіші дегендей, доллар бағасының өсуі кез келген заттың қымбаттауына келіп тірелетіні анық. Бұл жағдай тұрғын үй бағасын да айналып өтпейді. Яғни баспана нарығында импортталатын құрылыс материалдарының қымбаттауы тұрғын үйлердің бағасының өсуіне әкеледі. Демек, тұрғын үй нарығындағы баға алдағы уақытта тағы да құбылатыны анық.

БЫЛ БАҒА ҚАНДАЙ?

Қазақстанның жылжымайтын мүлік федерациясының басшысы Ермек

Мүсіреповтің сөзіне сүйенсек, 2025 жылы доллар бағасының өсуі 1-ші және 2-ші санаттағы тұрғын үйдің, яғни элиталық және бизнес-класс пәтерлерінің шаршы метрінің

бағасын қалыптастыруға әсер етеді. –Бұл жылжымайтын мүліктің өсінуіне әсер етеді, өйткені әрлеу материалдарын, инженерлік технологияларды, «ақылды

«АПТАЛЫҚТЫҢ» КОЛЛАЖЫ

ЭЛЕКТРОНДЫ САУДА ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Электронды сауда нарығы бүгінде ел экономикасының қозғаушы күшіне айналып келеді. Осы бағытта елімізде іргелі реформалар жүргізіліп, электронды сауда қарқын алғаны белгілі. Осылайша, онлайн сауда жаңа трендтердің біріне айналып отыр.

Откен аптада премьер-министр Олжас Бектеновтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында елімізде электронды сауданы дамыту мәселесі қаралды. Былтыр электронды сауда нарығының көлемі 3,2 трлн теңгені құраған. Ал бөлшек сауданың жалпы көлеміндегі үлесі 14,5 пайызға жеткен. Отырыста электронды сауданың экономикалық өсудің қозғаушы күші ретіндегі маңызы айтылды. Сала 300 мыңнан аса жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. Ал еңбек өнімділігінің өсуі дүкен мен нарықтық сатылымға қарағанда 30 пайыздан асып кеткен.

Премьер-министр электронды сауда нарығының дамуын ескере отырып, сапасыз тауар сатып алған тұтынушылармен қатар, бәсекенің заңсыз тәсілдеріне тап болған өндірушілер үшін де қауіпті азайту қажет екеніне назар аударды.

– Біздегі нарықтың ауқымды бөлігін шетелдік интернет-алаңдар алып жатыр. Оларды отандық тауар экспортын арттыру үшін тиімді пайдалануға болады. Екінші жағынан, тұтынушылардың құқығы мен зияткерлік меншікті және азаматтардың дербес дерегін қорғауға байланысты мәселе туындайды. Маркетплейстердегі тауарлар сапасына да қатысты сұрақтар бар. Шетелдік алаңдар түгілі, отандық маркетплейстер де сапаға кепілдік бере алмайды. Өнімнің түпнұсқасы туралы көбіне ақпарат берілмейді, – дейді Үкімет басшысы.

Дегенмен сауда және интеграция министрінің сөзіне сүйенсек, халықаралық тәжірибе кешенді тәсілдерді қолдану қажет екенін көрсетеді. Яғни қауіпсіз және ашық коммерциялық ортаны қамтамасыз ету үшін кешенді реттеуді ұсынатын платформалардың өздеріне де, өнімдерге де талаптарды қамтиды. Демек, салық заңнамасы авторлық құқықты бұзу, сапасыз және қауіпті тауарларды ұсыну үшін «катан» стандарттар қабылданып жатқанын айтып өтті. Бұл тұрғыда тұтынушылардың құқықтарын қорғау және деректерді қорғау мәселелеріне ерекше назар аударыламыз.

– Электронды сауда – әлемдік экономиканың ең қарқынды дамып келе жатқан сегменттерінің бірі. Бүгінде әлем халқының 30 пайызы интернет арқылы онлайн сауда жасайды. 2024 жылы жаһандық электронды коммерция нарығының жалпы көлемі шамамен 6,3 триллион АҚШ долларын құрап, оның ішінде электронды сауданың үлесі 20% пайыз болды. Алдағы жылдары электронды коммерцияның көлемі 9 триллионға дейін өседі деп болжауып отыр, – деді Арман Шаққалиев Үкімет отырысында.

Министрдің айтуынша, қазір сауда құрылымы қарқынды өзгеруде.

– «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп республика бойынша кәсіпкерлер үшін электронды сауда бойынша оқу орталықтары ашылды. Жақын арада 10 мың жұмыс орны құрылады. Электронды сауда саласында

халықаралық құжаттарды әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілуде,

ол дүниежүзілік сауда ұйымы, Еуразиялық экономикалық одақ, Шанхай ынтымақтастық және Орталық Азия аясында жүзеге асуда. Қазір электронды саудала жасанды интеллект технологияларын енгізу, дербестендіру, әлеуметтік желілер арқылы сауданың өсуі, тікелей эфир арқылы сауда жасау сұранысына не. Сонымен қатар компаниялардың әлеуметтік жауапкершілігі артып, экологиялық таза өнімдерге сұраныс көбейіп келеді, – дейді ол.

Осы орайда айта кететін жайт, мобильді аударымды бақылау туралы айтыла бастағанын қазақстандықтар сонғы уақытта қолма-қол сауда жасауға ауыса бастаған. Ұлттық банктің зерттеуі осындай нәтижелерді көрсеткен. Алайда Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев электронды сауда көлемін 9,3 трлн теңгеге жеткізуді жоспарлауда.

– 2023 жылмен салыстырғанда, 2024 жылдың 11 айында онлайн сауда көлемі 1,3 трлн теңгеге артқан. Ал жоспарға сәйкес бөлшек сауда көлемі 10 пайыздық көрсеткішке жетуі керек. Мобильді аударымдар мәселесінде электронды сауданы ынталандыру үшін біз бұл мәселені қайта қарауымыз қажет. Алайда ынталандыру үшін электронды сауда көлемі жыл сайын артып отыратынына сенімдіміз, – дейді министр.

Онлайн сауда дәстүрлі емес сауда жүйесіне жатады. Кез келген затқа тапсырыс бергенде тұтынушы нақты тауарды көре алмайды. Яғни техникалық жай-күйі қандай, сипаттамалар мен фотосуреттің бір-біріне сәйкестігін де біле алмайсың. Дегенмен электронды сауданың халық



«АПТАЛЫҚТЫҢ» КОЛЛАЖЫ

үшін де тиімділігі жоғары болып тұр. Мәселен, уақытты және қаржыны үнемдеу жағынан тиімді екені анықталған. Ал бизнес өкілдері үшін мүмкіндік көзіне айналып отыр. Осы тұрғыда халық арасында электронды саудаға байланысты пікірлер алуан түрлі. Дегенмен олардың басым бөлігі онлайн сауданың тиімдігін және бағасы жағынан қолжетімді екенін айтады.

– Онлайн сауда тиімді. Қазіргі уақытта көп адамдар уақыттың тығыздығын айтады. Тіпті үйден, жұмыстан шықпай-ақ тапсырыс беріп, керек затымызды алуға мүмкіндік бар. Мен көбінесе «Kaspi.kz» және Temu сайты арқылы тапсырыс беремін. Осы уақытқа дейін берген тапсырыстарымның барлығы жақсы, сапалы болып келді, – дейді Бесарық ауылының тұрғыны Жадра Қошпаева.

Қалай десек те, электронды сауда – әлемдік экономиканың ең қарқынды дамып келе жатқан салаларының бірі. Бүгінде әлем халқының 30 пайызы интернет арқылы онлайн сауда жасағанды қолдап отыр. Ел тұрғындары да бұл саланың қыр-сырын жедел меңгеріп алды. Мәселен, ресми деректерге сүйенсек, елімізде соңғы 4 жылда электронды сауда көлемі бес есе өсіп, осы саладан 300 мың адам «екі қолға бір күрек» тапқан.

Басы 1-бетте

САЛЫҚ ШЕГЕРІМІН ҚАЛАЙ ҚОЛДАНАМЫЗ?

Салықтық жеңілдікті алу үшін жұмысыңыздағы есеп бөліміне балалардың туу туралы куәлігінің көшірмесін өткізгеніз жеткілікті.

Салық жеңілдіктерінің мөлшеріне тоқталсақ:

Отбасындағы ерлі-зайыптының бірі 23 АЕК жеңілдік алады, яғни 2025 жылы – 90 436 теңге. Ал егер жеңілдік екеуіне тең бөлінсе, әрқайсысы 12 АЕК 47 184 теңге мөлшерінде пайдалана алады.

Жеңілдікті қолдану шарттарына келсек, салықтық жеңілдік келесі жағдайларда беріледі. Отбасында 1 қаңтардағы жағдай бойынша 18 жасқа толмаған төрт немесе одан көп бала болуы қажет. Ал егер төртінші балаңыз 2025 жылы дүниеге келген болса, 2026 жылы ғана бұл өзгеріс бойынша салық көлемі жеңілдетіледі.

– Елімізде көпбалалы отбасыларға арналған жаңа салық жеңілдіктері енгізілгенін естіп, қуанып жатырмыз. Мұның отбасындағы қаржылық жағдайды жақсартуға айтарлықтай көмегі тиері анық. Қазіргі уақытта көпбалалы аналар түрлі салық төлемдерінен босатылған. Ал 4 баласы бар аналарға мына өзгерістің енгені шынында қуаныш. Осындай мүмкіншіліктер жасап отырған мемлекетімізге ризамыз, – дейді көпбалалы ана Марина Сапарбекова.

Салықтық шегерімдер туралы жаңалықтар ипотекалық несие бар азаматтарды да қуантатыны анық. Себебі осы уақытқа дейін ипотекалық қарыз сыйақысы бойынша салық шегерімі «Отбасы банк» клиенттеріне ғана жасалып келген болатын. Енді 2025 жылдан бастап мұндай жеңілдік кез келген екінші деңгейлі банктерден алынған ипотекаларға да қолданылады. Ипотекалық салықтық шегерімді бұрын жұмыс беруші жалақыдан жеке табыс салығын есептеген кезде ескерген болса, енді ол салықтық шегерім жеке тұлғаның 270,00 салық декларациясында қолданылатын болады. Сонымен қатар көпбалалы және ерекше жағдайдағы отбасыларға жеңілдік бар. Салық кодексінің 346-бабына сәйкес, мүгеделктігі бар баланың ата-анасының бірі жылына 882 АЕК-ке (3 468 024 теңге) дейін стандартты салықтық шегерімді қолдана алады. Бұл шегерімге ипотекалық несие сыйақысы бойынша шегерім қосылады. Ағыр шегерім сомасы табыстан асып кетсе, артық соманы келесі айларға ауыстыруға болады.

Салықтық шегерімді жасау үшін есеп не кадр бөліміне өтініш жазып, мына құжаттарды көрсету керек: ипотекалық тұрғын үй займы туралы келісім, ипотекалық тұрғын үй займын өтеу кестесі, төлем жасалғанын дәлелдейтін құжаттар.

Соңғы уақытта жасалып жатқан осындай жеңілдіктер мемлекеттің халық алдындағы әлеуметтік міндеттемелерінің орындалуына жатқанын айқын дәлелі. Ресми деректерге сүйенсек, былтыр әлеуметтік осал топтарды қолдауға республикалық бюджеттен 5,4 трлн теңге қаражат бөлінген. Әлеуметтік қолдау шамамен 5 млн адамға көрсетіледі. Олардың ішінде 2,5 млн астам зейнеткер, 1 млн мүгеделктігі бар адамдар, 500 мыңнан астамы балалары бар отбасы және басқа да санаттары бар.



